



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

№36 (1860)
5 қараша
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдегі ең үздік 2000 университетті қамтитын Best Global Universities рейтингіне енді.

ҚазҰУ тағы да үздіктер қатарында



US News есептеулерінің қорытындысы бойынша барлық ЖОО-лар, сонымен бірге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 13 көрсеткіш бойынша бағаланған: жаһандық бағалау, жаһандық зерттеу беделі, өңірлік зерттеу беделі, жарияланымдар, кітаптар, конференциялар, дәйексөздің әсері, жарияланымдар саны, жарияланымдардың жалпы санының пайызы, халықаралық ынтымақтастық, жоғары циталанған мақалалар саны, жоғары циталанған мақалалардың пайызы.

Сондай-ақ US News & World Report-тың тоғызыншы жыл сайынғы әлемдегі үздік университеттер рейтингі қандай университеттер салыстырылатыны және олардың қандай лауазымға ие екені туралы жалпы түсінік беру үшін дайындалды. Өйткені жыл өткен сайын шетелдік университеттерге түсуді жоспарлап отырған студенттер саны үнемі өсіп келеді. Академиялық зерттеулерге және жалпы ЖОО беделіне сүйенетін әлемдегі ең озық университеттердің рейтингі бұл талапкерлерге бүкіл әлемдегі білім беру ұйымдарын шынайы салыстыруға көмектеседі.

Биылғы Best Global Universities жалпы рейтингіне 95 елден 2000 үздік ЖОО кірді.

Гүл БАЯНДИНА

Әділетті қоғам идеясы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына арналған «Жаңа Қазақстан және Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы әділетті қоғам идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Басқосуда жазушы туындыларындағы шындық, әділеттілік жайы сөз болды.



Мерейтойлық жиынды құттықтау сөзбен ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Әдебиетте де, журналистикада да, саясатта да Шерхан Мұртазаның жарқырап даңғайыр даңғыл жолы жатыр. Сол даңғыл жол кейінгі буынға ғажайып, үлкен, дара мектеп болып қалды», – деп, ұлы қаламгердің ұлт руханиятындағы еңбектеріне тоқталды.

Ректор қаламгердің шығар-

машылығы мен еңбегін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары бағалап, «Сөз зергері Шерхан Мұртаза журналистикада тұтас бір буынды тәрбиелеп, таланттарға жол ашқан, өзіндік мектебін қалыптастырған қазақ баспасөзінің мәуелі бәйтерегі болды. Абыройлы азамат ретін-

де биік мінберлерде елдік мәселелерді көтеріп, ұлт мүддесі жолында аянбай күресті. Жазушының қаламынан туған құнды туындылар уақытпен бірге жасап, өскелең ұрпақтың жадында жаңғыра береді», – деп атап өткенін тілге тиек етті.

Жалғасы 2-бетте



Тимур ЖАНТИКИН:

Қазақстан переходит к зеленой экономике

3-бет



Жаңарған, жаңғырған №5 жатақхана

4-бет



Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ:

Ырғақ – тіршілікке қажетті қуат көзі

6-бет

АҚШ университеті жеңілдіктер ұсынды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінің деканы Стивен Барнспен кездесті.

Жүздесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орнының жетістіктерімен таныстырып, АҚШ жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық барысына тоқталды.

Сонымен қатар ЖОО басшысы халықаралық құқық маманына алдағы жылы университет білімгерлеріне екі апта бойы дәріс оқуға келіскені үшін алғыс білдіріп, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту бойынша нақты ұсыныстар білдірді.

Өз кезегінде Стивен Барнс америкалық білім ордасының



жұмысы жайлы әңгімеледі. Шетелдік профессор өз сөзінде академиялық ұтқырлық және ықпалдастықтың өзге де бағыттары бойынша әріптестікке дайын екенін жеткізді.

Нәтижесінде ҚазҰУ-дың екі студентін АҚШ университетінде

тегін бір семестр бойы оқыту және ақылы негізде оқуға ниет білдірген жастарға жеңілдік жасау, университет оқытушылары мен докторанттарын тәжірибе алмасуға шақыру бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

Кездесуден соң құрметті қо-



нақ университеттің оқытушы-профессорлары және білім алушылары алдында «АҚШ Конституциясына сәйкес, биліктің бөліну қағидасы» тақырыбында дәріс оқыды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әділетті қоғам идеясы талқыланды



Соңы. Басы 1-бетте

ҚазҰУ-да өткен конференцияда мемлекет қайраткері, ақын, драматург Нұрлан Оразалин, филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрамындағы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры Абдылжан Ақматалиевтар Шерхан Мұртазаны ерекше толқыныспен еске алды.

Конференция аясында Шерхан Мұртазаның шығармашылығы туралы фильм көрсетіліп, ҚР Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтаулары және онлайн форматта шетелдік ғалымдардың да арнайы құттықтаулары оқылды.

Сондай-ақ осы күні журналистика факультетінде Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза атындағы аудитория ашылды. Қаламгердің мерейтойы аясында жаңадан ашылған аудито-



рия болашақ журналистерді кәсіби шыңдайтын шеберханаға айналмақ. Дәл осы күні ҚР Парламенті Мәжілі-

сінің депутаты Жанарбек Әшімжан, ҚР Парламенті Сенаты төрағасының кеңесшісі Бибігүл Жексенбай, «Ана тілі» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай, «Қазақ газеттері» ЖШС басшысы Шәмшидин Пәттеев, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Қайнар Олжай, Нұржан Жалауқызы және т.б. танымал бас редакторлар жуырда күрделі жөндеуден өткен №5 жатақханаға арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысты.

Құрметті қонақтар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаментінің жұмысымен де танысты.

Университет түлегі, ақын Нұрлан Оразалин білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен іске асырылып жатқан жұмыстарға жоғары баға беріп, алдағы уақытта ректордың арнайы шақыртуымен көшбасшылық дәріс оқып, өз тәжірибесімен бөлісетінін атап өтті.

Кездесу соңында қонақтар ҚазҰУ Ақпарат және коммуникациялар департаментінің ұжымына шығармашылық табыспен үлкен жетістіктер тіледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Ректор IT-технологияны оңтайландыруды тапсырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде «Корпоративтік басқару моделін құрудың негізгі параметрлері», «ҚазҰУ IT-инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасы» сынды тақырыптар тыңдалып, талқыланды.



Негізгі баяндаманы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректоры Әсел Уәлиева мен IT-инфрақұрылымын дамыту департаменті директорының орынбасары Ғалымжан Сариев жасады.

Проректор Ғылыми кеңесте корпоративтік басқару моделінің ерекшеліктеріне тоқтала келе, қатысушыларды «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ-тың 2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасымен таныстырды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – оқу ордасын әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру.

Ғылыми кеңесте сондай-ақ «ҚазҰУ IT-инфрақұрылымын дамыту тұжырымдама-

сы» жобасы қаралды. Жоба жайында IT-инфрақұрылымды дамыту департаменті директорының орынбасары Ғалымжан Сариев баяндама жасады. Ф.Сариевтің айтуынша, биыл факультеттерде студенттерге арналған (коворкинг) тегін интернетке қолжетімді аймақтар құрылды.

Таяуда күрделі жөндеу жүргізілген №5 жатақханада модем жаңартылды. IT-инфрақұрылымын дамыту бөлімінің қызметкерлері тренингтер өткізеді әрі кері байланыс үшін тоқсан сайын онлайн сауалнама жүргізеді. Қазіргі уақытта электронды анықтамалық жасалуда. Жиын барысында ҚазҰУ-да халықаралық IT-форум өтетіні, оған белгілі шетелдік және отандық мамандар шақырылатыны туралы айтылды.

Ғылыми кеңесті қорытындылай келе, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қысқы сессияға дайындықты дәйекті түрде жүргізуді, бар инфрақұрылымды сараптауды, цифрлық жүйелердің сапасын арттырып, университеттің негізгі процесс бағдарламасын дайындауды тапсырды. Барлық факультеттер цифрлық технология жұмысын оңтайландыру ісі бойынша ұсыныс енгізуі керек.

Ғылыми кеңес соңында университеттің Ғылыми кітапханасының «Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры» және шығыстану факультетіндегі дөрісханаға Әбсаттар қажы Дербісәлінің есімін беру туралы шешім қабылданды.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Мәскеу профессоры энергетика мәселесін айтты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ профессоры Сүлейман Аллахвердиев «Баламалы энергетика: жетістіктер, проблемалар мен перспективалар» тақырыбында дәріс оқыды.



Сүлейман Ифханұлы Аллахвердиев – PFA К.А.Тимирязев атындағы Өсімдіктер физиологиясы институтының Басқарылатын фотобиосинтез зертханасының меңгерушісі, PFA корреспондент-мүшесі, Жаһандық энергия халықаралық энергетикалық сыйлығының лауреаты. Ғалымды Thomson Reuters-WOS (Clarivate Analytics) компаниясы биология саласындағы ең көп сілтеме жасалған ресейлік зерттеуші ретінде атады және Elsevier, Springer, CSIRO Publishing сияқты алты халықаралық журнал редакторының орынбасары, 15-тен астам халықаралық журналдың редакциялық алқасының мүшесі. Мәртебелі қонақ өз ке-

зегінде алдымен университет басшылығына алғыс білдіріп, жиылғандар назарын баламалы энергетика мәселелеріне аударды.

«Әлемнің жаһандық мәселелері туралы бәріміз білеміз. Бұл халық санының өсуі, аштыққа қарсы күрес, табиғи ресурстардың сарқылуы, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықтың артуы, елдер арасындағы қақтығыстардың күшеюі. Көп жағдайда бұл проблемалар энергетикалық ресурстарға деген мұқтаждыққа байланысты. Уақыт өте келе бұл жағдай тек ұшыға түседі», – деді спикер.

Оның айтуынша, жаһандық энергетикалық мәселелерді шешу үшін әртүрлі экологиялық таза жаңартылатын энергия көздері көбірек қолданылуда. Оларға дәстүрлі түрде жел, геотермалдық және күн энергиясы,

сонымен қатар қайта өңделген биомасса негізіндегі энергия кіреді. Қазіргі ғылым баламалы энергия көздерін қолданудың перспективалық бағыты ретінде табиғи фотосинтезді қарастырады.

Сондай-ақ Сүлейман Аллахвердиев ҚазҰУ-ға сапары барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың қабылдауында болды. Жүзделуде тараптар екі жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру перспективаларын талқылады. Кездесу соңында университет басшысы ғалымға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Светлана ӨМІРФАЛИЕВА



На кафедре Теории и ядерной физики физико-технического факультета Казахского национального университета имени Аль-Фараби состоялась лидерская лекция генерального директора ТОО «Казахстанские атомные электростанции» Тимура Мифтахулы Жантикина на тему «Перспективы строительства АЭС в Казахстане».

Спикера представила декан физико-технического факультета Нурзада Бейсен. Тимур Жантикин выпускник Новосибирского государственного университета, кандидат физико-математических наук, лауреат премии Правительства РФ в области науки и техники и с 2016 года является Генеральным директором «Казахстанских атомных электростанций». Компания занимается деятельностью в области архитектуры для объектов атомной промышленности и атомной энергетики; исследованием и экспериментальными разработками в области

бинского завода была запущена совместное предприятие по производству ядерного топлива. Там топливо производится по французской технологии для ядерных реакторов Китайской Народной Республики. Ядерное топливо – это высокотехнологический продукт, поэтому надо проходить сложную, поэтапную сертификацию.

Обогащение урана является одним из ключевых шагов, только определенный вид урана работает в ядерных реакторах. В первую очередь делится изотоп 235 урана. В природе его очень мало – 0,7%. Атомы урана, как и атомы элемен-



нией «Assystem» разработана система критериев на основе рекомендаций документов МАГАТЭ. В целом, изучено 13 проектов современных реакторов, предложенных зарубежными вендорами атомных технологий (поколений III и III+).

Следующий шаг – это выбор района размещения АЭС. Мы по этому поводу свое предложение сделали. Этот вопрос обсуждался в министерстве, на межведомственных комиссиях по развитию атомной сферы Казахстана. На этих инстанциях наше предложение одобрено, мы соответствующие документы подготовили. Строительство АЭС будет в Южном Казахстане, вблизи поселка Улкен. Ранее миссия МАГАТЭ подтвердила приемлемость данного района для строительства АЭС. Рассмотрены все подходы: рабочий поселок,

Тимур ЖАНТИКИН, генеральный директор ТОО «Казахстанские атомные электростанции»:

Казахстан переходит к зеленой экономике

мирного использования атомной энергии; обеспечением готовности электрической мощности к несению нагрузки, регулирование и резервирование электрической мощности; а также сбором опасных отходов и производством электроэнергии ядерными (атомными) электростанциями.

Строительство атомной электростанции сегодня является одной из актуальных тем повестки дня нашей страны. Как известно, глава государства поручил изучить, профессионально проработать эту сферу. В связи с неуклонным ростом темпов потребления электроэнергии сейчас начинает ощущаться дефицит энергии. В этой связи Президент отметил, что одним из эффективных решений данного вопроса является строительство атомной электростанции. В своей лекции перед преподавателями, студентами и магистрантами факультета ученый-атомщик Тимур Жантикин рассказал в целом об атомной энергетике и как ее превратить в электроэнергию.

– Вы знаете, что сейчас идет переход к зеленой экономике. В этом направлении есть цель ООН устойчивого развития, которую все страны приняли. Казахстан в первых рядах двинулся в сторону озеленения в самой экономике. В первую очередь это касается снижения выбросов парниковых газов в энергетике. Больше всего уделяется внимание на тепловые эффекты, это – выбросы на атмосферу, связанные с эксплуатацией энергоисточников. У нас в Казахстане практически 80% энергии используются на угольных станциях. С другой стороны Казахстан уже несколько лет добывает уран, но весь уран уходит на экспорт, пока у нас почти нет потребления. Он уходит на мирные цели в атомную энергетику других стран. Имея урановую добычу, имея конечного этапа ядерного топливного цикла у нас работает крупнейший урановый завод, который в советское время производил до 80% всего ядерного топлива советских реакторов и стран соцлагеря. В то время достаточно много топлива выходило за рубеж. В прошлом году на базе Уль-



тов, встречающиеся в природе разновидности, называются изотопами. Каждый изотоп имеет различное количество в своем ядре. Уран-235, изотоп, который составляет менее 1 процента всего природного урана, обеспечивает топливом для ядерных реакторов, в то время как уран-238, изотоп, который составляет 99 процентов природного урана, не имеет ядерного использования. Для того, чтобы реакторы работали уран 235 надо обогатить до 4,5 – 4,75%. Это на реакторах стандартное топливо. Отделение этого типа урана от более распространенного сорта требует большого инженерного мастерства, несмотря на то, что технологиям необходимым для этого, уже десятилетия. Задача состоит не в том, чтобы вычислить как отделить уран, а в том, чтобы построить и запустить оборудование, необходимое для выполнения этой задачи. Этот процесс на каждом шагу надо сертифицировать, потому что все зависит от качества самого вещества. Это очень сложный технологический процесс.

Первая атомная станция у нас работала еще в прошлом веке, 1954 году в городе Актау (тогда город Шевченко) был запущен реактор на быстрых нейтронах. Он назывался «Мангшлакский атомный энергокомбинат». Это технология сейчас только начинает развиваться. В 1998 году было принято решение его остановить. Потому что станция прошла проектный срок службы и дальнейшая эксплуатация была затруднительно. Поэтому мы начали проект вывода из эксплуатации этого реактора. Естественно, логично



было бы построить замещающий подобный объект, который бы давал энергию с использованием мирного атома. Такой проект был запущен, и в 1996 году подготовлен технико-экономическое обоснование по строительству Балхашской атомной электростанции на базе инновационных реакторов ВВЭР 640. Тогда проект из за нехватки денег был заморожен. Вторая попытка была в начале 2000-х годов, на месте выводившего из эксплуатации ВВЭР 250 было запланировано строительство двух блоков реакторов ВВЭР – 300. Сейчас мы ведем третий проект. Это – стандартные реакторы, имеющиеся на рынке третьего поколения. Мощность – 1000-1400 мватт на блок, с включением его в энергосистему Казахстана.

Чем отличается поколение III+ от предыдущих? Как и автомобили и самолеты реакторы тоже требуют модернизацию, наличие разных элементов, обеспечивающих безопасность эксплуатации. Они становятся дороже, но значительно безопаснее и совершеннее. При этом это еще и коммерческий продукт, поэтому предпринимаются разные меры, для того, чтобы улучшить экономические показатели самой атомной электростанции.


К I поколению относят ядерный реактор, разработанные в 1950-е и 1960-е годы, представляют собой видоизмененные и укрупненные ядерные реакторы военного назначения, предназначенные для движения подводных лодок. В настоящее время практически все остановлены. К II поколению относят ВВЭР-1000 – самые распространенные ядерные реакторы

в мире, их около 200. Большинство из эксплуатируемых в мире ядерные реакторы. Ядерные реакторы III поколения называют «усовершенствованными ядерными реакторами». Большинство из них являются моделями, разработанными на базе ядерных реакторов II поколения с инновационными изменениями. Во всем мире, как правило, в настоящее время эксплуатируются ядерные реакторы II, III, III+ поколения, а ядерные реакторы I поколения, за редким исключением, не используются. IV поколение ЯРпока представляет собой набор проектов в стадии исследования.

Реакторы имеют улучшенную систему безопасности, продолжительность работы 60 лет. Из этих проектов мы посмотрели те, которые есть на рынке, разослали приглашение ведущим компаниям мира для участия в нашем проекте. Откликнулись из пяти стран 6 компаний. Получены технико-коммерческие предложения от 6 вендоров из Китая, Кореи, России, США и Франции. Рассмотренные факторы:

- Землетрясения и геологические явления
- Гидрометеорологические условия
- Гидрологические условия
- Прогнозное водопотребление
- Влияние строительства АЭС на животный и растительный мир прилегающей территории
- Влияние эксплуатации АЭС на гидрографию района

Рассмотрены реакторы. Для сравнительного анализа и оценки ядерно-энергетических технологий совместно с французской компа-



пруд-охладитель, подстанция 110/10 кВ, опорные ПС 500/220 кВ, ЮКГРЭС – 2 км, Шу – 210 км, Жамбыл – 400 км, транзитный ВЛ 500 кВ Север – Юг. Кроме этого, проведены буро-взрывные работы, построена дробильная установка и бетонный узел, сооружена установка подготовки питьевой воды, расширена ж/д станция «Кайратколь» и т.д. Мощность атомной энергостанции – 2,8 мватт. Срок ввода в эксплуатацию – 2032 год.

Развитие генерации в Казахстане до 2035 года:

За период 2022-2035 гг., суммарные вводы включая развитие существующей генерации и новые вводы, составляют по сценариям:

- «Зеленый без АЭС» ≈ 18,9 ГВт
- «Зеленый с АЭС на Юге» ≈ 17,7 ГВт
- «Зеленый с АЭС на Севере» ≈ 17,7 ГВт

Исходя из сложившихся балансов, дефицит базовой мощности по объединению Север-Юг составит:

- к 2030 г. ≈ 1,8 ГВт
- к 2035 г. ≈ 3,2 ГВт
- к 2040 г. ≈ 4,1 ГВт
- к 2050 г. ≈ 5,0 ГВт

Соответственно для покрытия дефицита базовой мощности необходимо строительство АЭС как минимум с двумя блоками мощностью от 1000 до 1400 МВт.

В конце лекции слушатели получили подробные ответы на все интересующие их вопросы касательно ядерной энергетики.

Жаңарған, жаңғырған №5 жатақхана

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 356 орындық №5 жатақханасы күрделі жөндеуден өтіп, журналистика факультетінің студенттеріне салтанатты түрде қайта берілді. Осыған орай, оқу орнында БАҚ өкілдеріне арналған арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды.



Алдағы уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрылысының екінші кезеңінде қалашықта жаңа жатақханалар бой көтеретін болады», – деді ректор.

Одан соң университет басшысы журналистерге жатақхананың жөндеу жұмыстарының барысы жайлы өңгімеледі. Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта сыланып, әрленді. Есік-терезе, еден төсеніштері мен жиһаздар сатып алынды. Сонымен қатар электр жүйесі қайта жүргізіліп, жарық беруші шамдар жаңадан орнатылды. Әр секцияға заманауи душ кабина-



ДЕЙІН




КЕЙІН




ДЕЙІН




КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН

Бес қабатты жаңарған ғимараттың ашылуына университет басшылығы, зиялы қауым өкілдері, ҚазҰУ түлектері, оқытушы-профессорлар құрамы мен журналистика факультетінің студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев студенттерді жаңа қоныстарымен құттықтады. «№5 жатақхананың қолына қалам ұстаған қауым үшін өзіндік терең тарихы бар. ҚазҰУ-да оқыған есімі елге танымал журналистер осы студенттер үйінде тұрды. Бүгін сол дәстүр жалғасын тауып, журналистика факультетінде оқып жатқан білім алушы жастарға қолданысқа берілді.



Серік ЖАНБОЛАТ,
«Алаш айнасы» ақпараттық порталының бас редакторы:

– Ең алдымен №5 жатақханада тұрған Қазақстандағы бүкіл журналистерді құттықтаймын! Бұл – барша журналистердің үйі. Еліміздегі жатақханалар бір төбе, №5 жатақхана бір төбе. Бұл құтты орынның аурасы, атмосферасы бөлек. Өйткені небір өнерлі де білімді тұлғаларымыз осында тұрды. Кезінде №5 жатақхананы білмейтін ешкім болған жоқ. Студенттердің көбі: «Шіркін, №5 жатақханада тұрсақ қой», – деп қызығатын.



Срайл СМАЙЫЛ,
КТК телеарнасы бас директорының орынбасары:

– 1983-88 жылдары осы жатақханада, 205-бөлмеде тұрдым. №5 жатақхана туралы талай мақала жазылып, тіпті кітаптар шықты. Қазақстанның түкпір-түкпірінде ақпарат кеңістігінде жүрген үш журналист болса, соның екеуі осы жатақханада тұрған. Сондықтан бұл қара шаңырақ барлық журналистердің үйіне айналып кеткен. Осындай тарихы бар жатақхананың журналистика факультетінің студенттеріне қайта берілуі үлкен қуаныш.



Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
«Ақ желкен» журналының бас редакторы:

– Біз №5 жатақханада 1994-98 жылдар аралығында тұрдық. Ол кезде қиын заман болатын, жатақханамыз да ескірген-тін. Ал қазіргі жатақханамен салыстырсақ, бүгінгі болашақ журналистер бесжұлдызды қонақүйде тұрып жатқандай. Күрделі жөндеуден өтіп, барлық жағдай жасалған екен. Студенттерге білім алатын мүмкіндіктер толық қамтылған. Бұл еліміздің өсіп, дамып келе жатқанының жарқын көрінісі. Сондықтан қазіргі жастар осындай игілікті тұтынушы ғана емес, осынау даңғыл жолды жалғастырушы, жол көрсетуші болса, нұр үстіне нұр болар еді.

лары қойылып, санитарлық-техникалық жабдықтар ауыстырылды. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен көріз жүйесі монтажданды.

Баспасөз туры Әл-Фараби кітапханасында жалғасты. Онда Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ құрылысының II кезеңінің жоспарымен таныстырып, журналистер сауалына жауап берді.

Сондай-ақ журналистер қауымы қалашықта өткен қызықты студенттік күндерді еске алып, білім алушылардың тыныс-тіршілігін көзбен көруге мүмкіндік алды.

Айта кетсек, №5 жатақханада соңғы бес жылда физика-техникалық факультетінің студенттері қоныстанған болатын. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атына түлектер тарапынан жатақхананы журналистика факультетіне қайта беру туралы ұсыныс түскен еді. Осыған сәйкес, университет әкімшілігі тиісті шешім қабылдап, күрделі жөндеуден өткен жатақхана болашақ журналистерге қайта пайдалануға берілді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК,
Нұрбек НҰРЖАН



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметімен және күрделі жөндеуден өткен жұмыс орнымен танысты.

арқылы тарату үшін «Ойталқы», «ҚазҰУ-дың инновациялық жобалары», «Аптаның айшықты оқиғалары», «ҚазҰУ ғалымдарының дәрістері», «Талапкер», «Подкаст»

далды. Ақпарат және мониторинг секторы университетте өтіп жатқан маңызды шаралар бойынша күнделікті баспасөз хабарламасын таратып, жарияланған

айында жарық көрген материалдар саны – 1500.

Сондай-ақ ҚазҰУ сайтында 2020 жылы – 831, 2021 жылы – 1588, 2022 жылдың тоғыз айында 1093 ақпарат оқырман назарына ұсынылды.

Жансейіт Қансейітұлына «Farabi University» сайты басқармасында заманауи үлгіде жасалып жатқан оқу орнының жаңа сайты да таныстырылды. Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа сайт жақын күндері іске қосылатын болады.

Баспасөз қызметіне жаңа тапсырмалар жүктелді

Ректорды Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры – Баспасөз хатшысы Қаншайым Байдәулет қарсы алып, департамент жұмысы туралы ақпарат берді. Департамент қарамағына төрт басқарма және бір сектор кіреді. Баспасөз қызметі, «Farabi University» сайты, «Farabi Media» телестудиясы, «Qazaq universiteti» газеті басқармалары мен Ақпарат және мониторинг секторы оқу орны басшысының тапсырмасымен қайта жасақталып, ректораттың 3-қабатына орналастырылды. Баспасөз қызметінің телестудиясы құрылып, түсірілім бөлмесі, дыбыс жазу және монтаждау бөлмесі қолдағы бар техникалармен жабдықталып, пайдаланылуға берілді.

Барлық бөлмелер мен дәлізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есік-терезелер, жылыту



ликалық мәртебеге ие болып, «Қазпошта» каталогына енді. Газетке жазылу үшін Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасау жүйесі іске қосылды. Қазіргі таңда жазылушылар саны күннен-күнге артып, басылым

және т.б. телебағдарламалар түсіріліп, көпшілік назарына ұсынылды.



«Farabi Media» ютубканалының контенті күннен-күнге көбейіп келеді. 2015 жылы ашылған арнада 2021 жылға дейін 16 000 адам тіркелсе, қазіргі таңда 41 900 жазылушыны құрайды.

2020 жылы 210 бейнематериал, 2021 жылы 290 бейнематериал, 2022 жылдың үш маусымында 260 бейнематериал жұртшылыққа жол тартты.

Баспасөз қызметі университет өмірінен қазақ және орыс тілдерінде ақпарат жазып, телебағдарламалар түсіруге қатысады. Мәселен, қазіргі уақытқа дейін «Ойталқы», «Мозговой штурм» бағдарламасының 36 шығарылымы жарық көрді. Онда ҚазҰУ-дың 150 сарапшысы қатысып, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер төңірегінде ой өрбітті. Сондай-ақ «Аптаның айшықты оқиғалары» бағдарламасының 51 шығарылымы жарық көріп, 255 сюжет қамтылды.

«ҚазҰУ-дың инновациялық жобаларының» 30 шығарылымы көрермен назарына ұсынылды. 25 «ҚазҰУ ғалымдарының дәрістері» көрермен көзайымына айналды. Сонымен қатар «Super Students» тұңғыш телевизиялық жас таланттар байқауының іріктеу кезеңі түсіріліп жатқаны жеткізілді.

Білім ордасының басшысына Ақпарат және мониторинг секторы атқарған жұмыстар да баян-



жүйелері ауыстырылды. Қабырғалары қайта сыланып, заманауи әрленді. Еден төсеніштері (ламинат) мен жарық беруші шамдар орнатылды. Электр көздері, интернет желілері қайта жүргізілді. Журналистер тиісті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жиһаздар жаңартылды.

ҚазҰУ басшысы Ж.Түймебаев алдымен «Qazaq universiteti» газеті басқармасының қызметімен танысты. Биыл қаңтар айында «Qazaq universiteti» газеті респуб-

еліміздің әр өңіріне тарала бастады. Газеттің дизайны түбегейлі өзгертіліп, «Көшбасшылық дәріс», «Кемел», «Инновация», «Білім интеграциясы», «Менің университетім», «Студенттер айнасы» сияқты түрлі жаңа айдарлар ашылды.

Жансейіт Қансейітұлы одан кейін «Farabi Media» телестудия басқармасының жұмысына қанықты. Студия телевизиялық бағдарламалар мен деректі фильмдерді түсіруге арналған. Қазіргі сәтте «Farabi Media» ютубканалы

ақпараттарға мониторинг жасап, сараптама әзірлейді. Мәселен, 2020 жылы республикалық БАҚ-та ҚазҰУ имиджіне арналған 640 материал жарияланса, 2021 жылы бұл көрсеткіш екі есеге өсті (2221). Ал 2022 жылдың тоғыз

Сонымен қатар әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардың дизайны ауысып, оқырмандар санын арттыруға күш салынады. Мәселен, Instagram желісін 65 479, Facebook желісін 15 мың, Telegram желісін күн сайын 48 мың оқырман оқиды.

Жансейіт Қансейітұлы Ақпарат және коммуникациялар департаментінің бірлесіп атқарған жұмысын жоғары бағалап, алдағы уақыттағы ұстанар бағыт-бағдарын айқындап берді.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан ұжымға ризашылығын білдіріп, қызметтеріне толағай табыс тілеп, соңынан бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Фоторепортажды университетіміздің Telegram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасынан көре аласыздар.



Интернет-корпус казахского языка

Бесценным и значимым средством общения всего человечества на нашей планете является язык. У каждого народа имеется свой национальный язык, который отражает его культуру, менталитет. С помощью языка каждый человек идентифицирует себя с социумом, со своей культурой. Язык помогает человеку выразить свои мысли, передать информацию, наладить отношения, выразить эмоции. Он может функционировать в пределах одного племени или целого этноса, может быть средством общения только одной социальной группы или быть средством межкультурного общения.



также ставить новые проблемы, которые ранее не входили в круг проблем лингвистики, революционизировать работу с языковым материалом.

Что отличает Интернет-корпус? Благодаря интерфейсу Интернет-корпуса, при поиске удобно задавать любые настройки из вышеперечисленных интернет-жанр (блог, новости и т.д.), а также сортировать уже полученные результаты по данным признакам. Создание критической массы текстов конкретных типов, достаточной для объективного представления частотности или приемлемости или особенности употребления того или иного слова или языковой конструкции.

В чем заключается польза Интернет-корпуса? С его помощью можно изучать язык интернет-пространства: лингвистический анализ, выявлять социальную дифференциацию, экономический эффект той или иной продукции, услуги, определять политическое влияние и т.д. Какова прикладная ценность Интернет-корпуса? Что можно выполнять с его помощью?

- изучать влияния пола, возраста на язык,
- определять частотности слов,
- анализировать казахоязычного контента социальных сетей,
- разрабатывать инструменты для выявления мнений и анализа тональности на основе данных, получаемых из социальных сетей и комментариев пользователей Интернет-услуг и др.
- Какова перспектива Интернет-корпуса казахского языка?
- Перспектива обусловлена долгосрочной стратегической целью:
- создать дифференциально масштабный корпус объемом не менее 50 млрд. слов;
- полностью автоматизировать методы сбора, очистки и лингвистической разметки корпуса;
- создать многофункциональный инструмент с целью по-

лучения различной информации: лингвистической и экстралингвистической;

- испытывать и совершенствовать разные системы автоматической разметки, автоматической классификации текстов, задействовать машинное обучение;
- развить казахстанскую интернет лингвистику как одно из современных направлений компьютерной лингвистики.

Интернет-корпус способствует проведению фундаментально-прикладных исследований казахского языка как с точки зрения современной лингвистики, так и с использованием информационных технологий, внедрению их результатов в учебный процесс в целях оптимизации изучения, исследования, преподавания казахского и иностранного языков. В ходе разработки корпуса используются как лингвистические методы анализа казахского языка (морфологический, синтаксический, семантический, лексикографический), так и методы корпусной лингвистики: инвентаризация текстов, лексикографическая обработка, первичная разметка текстов, токенизация, лемматизация, морфологический анализ. Для того чтобы разработать платформу Корпуса и составить репрезентативную текстовую базу для его наполнения в ходе выполнения проекта будет использоваться совокупность лингвистических методов, апробированная специалистами разработки Национального корпуса русского языка:

- выборка и систематизация текстов, инвентаризация текстов по хронологическим, жанровым и стилевым критериям;
- графематический анализ, позволяющий выделить синтаксические и структурные единицы входного текста (абзацы, предложения, словосочетания, отдельные слова, знаки препинания);
- морфологический анализ, предполагающий определить структуру слова, основное слово и его словоформу,

отнесение к той или иной части речи для дальнейшей процедуры снятия омонимии;

- синтаксический анализ, позволяющий определить функцию слова в составе предложения, его сочетаемость с другими словами, порядок слов в предложении;
- семантический анализ, необходимый для анализа текста по смыслу, уточнения связи слов, исключающий бессмысленный набор слов.

Интернет-корпус предназначен для поддержки работы лингвистов, лексикографов, журналистов, переводчиков, литературоведов, специалистов в области компьютерных исследований, специалистов-экспертов, специалистов в области юриспруденции, политики, экономики, занимающихся мониторингом эмоционального, потребительского настроения общества, организации образовательной среды в целях изучения и исследования казахского языка широкого кругом как отечественных, так и зарубежных потребителей.

Реализация проекта активизирует новые формы использования компьютерных технологий, формирование у пользователей (специалистов, студентов, магистрантов, докторантов, школьников, учителей, т.п.) новых форм диалога «пользователь-компьютер» для различных видов работ с казахским языком; главное условие эффективности – скорость поиска, устранение механистической работы с различными текстами, поиском форм слов, подбором необходимого слова в различных реализациях и контекстах, что позволит решить ряд вопросов и достичь существенного эффекта экономии в исследовании, изучении казахского языка, а также коллекционировать его разнообразие и богатство.

Гульмира МАДИЕВА,
д.филол.н., профессор
филолог. факультета

Мадина МАНСУРОВА,
к.ф.-м.н., и.о. профессора
факультета ИТ

В рамках выполнения миссии университета по формированию конкурентно-способных и востребованных кадров как на территории Казахстана, так и за его пределами, недавно на факультете Востоковедения Казахского национального университета им. Аль-Фараби состоялась первая встреча Oriental club.

Миссия выполнима



Клуб молодых ученых – Oriental club нацелен на усиление научного центра факультета востоковедения, развитие и раскрытие научного потенциала студентов, магистрантов, докторантов и молодых учёных. Одним из приоритетов клуба является помощь в организации и проведении встреч, на которых будут обсуждаться насущные вопросы исследователей, а также проблемы касающиеся публикаций, методов исследований, разработок и многое другое. Как отмечает сооснователь клуба, магистрант 2 курса Сеитов Руслан, молодым исследователям не хватает информации и осведомленности о нововведениях в мире науки, коммуникации в научной среде и поддержки в написании статей и публикаций. Таким образом, Oriental club становится своеобразным мостом взаимодействия науки и обучающихся факультета Востоковедения.

На данный момент клуб только начинает свою работу, но уже имеет амбициозные цели и ставит перед собой задачи по улучшению качества выпускных работ, научных статей молодых учёных, организации встреч по обсуждению вопросов тем и методологических инструментов. Участие в клубе абсолютно бесплатное и подписаться на обновления анонсов предстоящих событий, новостей из мира науки, а также для получения уведомлений о конференциях можно подписавшись на страницы в социальных сетях:

Instagram: @kaznu_oriental_club

Telegram: https://t.me/kaznu_oriental_club

Oriental Club будет рад видеть вас в рядах своих единомышленников!

Сауле ИСМАИЛОВА,
докторант кафедры
Дальнего Востока

Түлектер ҚазҰУ тынысымен танысты

Журналистика факультетінің түлектері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп, қалашықты аралады. ҚазҰУ-ды осыдан 30 жыл бұрын бітірген түлектер арнайы ұйымдастырылған салтанатты шараға қатысты.

1986-1991 жылдар аралығында оқыған түлектермен кездесуге олардың оқытушылары – ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің профессоры, филология ғылымының докторы Н.Омашев, филология факультетінің профессоры Ө.Әбдіманов, журналистика факультетінің профессоры Д.Ысқақов, журналистика факультетінің доценті Т.Дүйсебаева келді. Жиында журналистика факультетінің оқытушылары мен деканы Н.Қуантаев сөз сөйлеп, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасымен тұспа-тұс келген шақтарды еске алды.

Кейін түлектер журналистика факультеті мен кампусы, ҚазҰУ мұражайы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығын және бес жыл оқыған кезде тұрған №5 жатақхананы аралады. Бүгінгі таңда №5 студенттер үйіне күрделі



жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Әр қабатта асбөлмесі, студенттерге қолайлы болу үшін секцияларда жуынатын бөлме қарастырылған. Сонымен қатар барлық жиһаздар жаңартылып, бөлменің дизайны өзгертілді.

Түлектер жатақханадағы өздері жатқан бөлмелерді аралап көріп, студенттік кездерін еске алды. ҚазҰУ-дың қазіргі келбетін өткен студенттік жылдармен салыстыра

отырып, кампустың жаңа түрге ие болғанын, күрделі жөндеуден өткен аудиториялар мен жатақханаларда ерекше атмосфера орнағанын атап өтті. Түлектер студенттерге көрсеткен қамқорлығы мен әлеуметтік жауапкершілігі үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдіріп, жоғары оқу орнының барлық ұжымына табыс тіледі.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

ЮНЕСКО кафедраларының жұмыс кеңесі өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы, Қазақ-неміс университетінде өткен «Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның білім және ғылым саласындағы отбасы» тақырыбында ұйымдастырылған Қазақстан ЮНЕСКО кафедраларының I жұмыс кеңесіне қатысты.

Іс-шараға әлем бойынша ЮНЕСКО кафедраларының бағдарлама жетекшісі И.Нияшанян (онлайн, Париж қ.), Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының бас хатшысы А.Байсабаева, ЮНЕСКО Кластерлік бюросының директоры М.Магнуссон (онлайн),



Германия Федеративтік Республикасының бас консулы В.Фауст, Ұлттық комитет төрағасының орынбасары Р.Музафаровтар қатысты.

ЮНЕСКО кафедралары мен орталықтары арасында тәжірибе алмасу платформасын ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның барлық кафедралары өз қызметі туралы баяндама жасады. Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Т.Базарбаева кафедра жұмысының бағыттарын, басты табысты жобаларын баяндап, 2022-2023 жылдарға жоспарланған іс-шаралармен таныстырды. Семинарға қатысушылар ЮНЕСКО-ның Орталық

Азия өңірі және бүкіл әлем бойынша кафедраларымен тиімді ынтымақтастықты ұйымдастыруға ортақ ниет білдірді. Қазақстанның барлық ЮНЕСКО кафедралары Париж қаласында ЮНЕСКО штаб-квартирасында 3-4 қарашада өтетін ЮНЕСКО/UNITWIN бағдарламасының 30 жылдығына арналған халықаралық конференцияға шақырылды.

Ольга ЗУБОВА,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыстар бойынша орынбасары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында «Magnum Daily» сауда желісі ашылды. Енді қалашық жастары азық-түлік алу үшін сырттағы супермаркеттерге барып әуреленбейді. Жұмысын бастаған «Magnum» жастарға азық-түліктің аса ауқымды түрін ұсынады.

Студенттер қалашығында супермаркет ашылды



«Университетте сапалы әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету бойынша жұмыстар күшейтілуде. Бүгінгі «Magnum Daily» сауда желісінің ашылуы сол жұмыстың жалғасы. Бұл игіліктер университет ректоры Жансейіт Қансейітұлының бастамасымен жүзеге асты», – дейді Басқарма мүшесі – қаржылық қызмет жөніндегі проректор Калилла Абдуллаев.

Ашылу салтанатына қатысқан студенттердің бірі, механика-математика факультетінің 1-курс студенті Данагүл Адал бүгінгі ашылып жатқан «Magnum Daily» супермаркеті студенттер үшін тосын сый болғанын жеткізді.

«Супермаркеттің ашылуы біз үшін жағымды жаңалық. Мұнда қалашықтағы басқа дүкендермен салыстырғанда бағасы едәуір арзан. Сонымен қатар банк карточкасы арқылы да төлеуге болады», – дейді студент.

Айта кетейік, «Magnum Daily» супермаркетінде, ашылуына орай, тауарларға арнайы жеңілдіктер мен бонустық жүйе де қарастырылған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.